



Ақкі
қра
месе
Е.Елғош
на

15.09.2021н

Келісемін: *Шүмсі*
тәр.сі.орынбасары
Л.Шүтенова

14.09.2021

Ә/Б отырысында
Хаттама №

Сахна әлемі

үйірмесінің жылдық жоспары

Сыныбы: 7,8

Үйірме жетекшісі: Қалиева Бұлбұл Сепбайқызы

2021-2022 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Қазіргі заман талабына сай алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, ой ойын, пікірін жеткізе алатын, өзіне сенімді, топпен, ұжыммен жұмыс істей алатын, тез өзгермелі заманда қоғамға бейімделе алатын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда мектеп өмірінде оқушылардың әртүрлі театр шығармашылығын қолдану өзекті болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте драмалық үйірмені енгізу мектептің оқу-тәрбие үдерісіне тиімді болады, өйткені ұжым бірлесіп жұмыс істейді, мұғалім мен оқушы арасында мәдениетті қарым-қатынас туындайды. Актер өнерпаздардың позициясымен таныса отырып оқушының танымдық, рухани, эмоционалды, еңбек тәжірибесін қалыптастырады және дамытады. Театр шығармашылығы оқушыларды өнерге деген қызығушылығын арттырады, ойқиялып, зейін, есте сақтау сияқты қабілеттерін арттырады. Ұжымда жағымды психологиялық атмосфераны қалыптастырады. Үйірме жұмысы оқушылардың бір-бірімен тіл табыса білуі, өз ойларын, білімдерін ортаға салып, өз білгенін басқалармен бөлісе білуге үйретеді. Мұғалім көмегімен жас әртістер өз ролдерімен жұмыс істейді, сөздерін жағдайды, оның дұрыс оқылуы мен дыбысталуын, интонация тазалығы, анық артикуляция, мимика, суреттің дәл ритмикасын келтіре отыра көркем образды ашады. Ролдерді бөлу мұғалім мен оқушының келісімі бойынша жүргізіледі.

Үйірме жұмысының мақсаты: әр оқушының өзіндік қабілетін ашу, белсенділігін арттыру. Шығармашылығын шыңдау.

Күтілетін нәтиже: актерлік өнердің қыр-сырын меңгеру, жұрт алдында өзін дұрыс ұстай білу, өз ойын жеткізе білу. Болашақта актер болмаса да заман талабына сай тележүргізуші, пресс-хатшы, менеджер т.б. сияқты кез-келген мамандықта өз ойын дұрыс, еркін жеткізе білетін өзіне сенімді тұлғаны даярлау.

Үйірме бағдарламасы 7-8- сынып оқушыларына арналған.

Үйірменің жұмысы - актерлік өнердің негізімен таныстыру, телеспектакльдерді көру, шағын спектакльдерді қою.

Үйірме аптасына 5 сағат.

Күтілетін нәтижелер:

Оқу жылының аяғына қарай білім алушы:

Біледі:

1. Театр деген не?

2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді? Театр өнері қалай пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар?

(Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)

4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады:

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы
4. Шешендік сөз, сөйлеу мәдениеті

Үйренеді:

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Көркем әдебиетті сүйіп оқуды
4. Назарын ой тізбегіне аудара білуді
5. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

1. Кейінкерлермен сырласу (монолог)
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс

Өз пікірін анық айтуда артық ұялшақтықтан, топ алдында сөз сөйлеуде қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, бәсекелестік қыр, ашықтық, қоршаған ортаға камқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

КІРІСПЕ

Оқушылардың тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Білім алушының білім алуға деген қызығушылығын ояту жолдарын саралап жіктегенде, сахна өнерінің ең қажетті дүние екендігі дәлелденген. Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен қайырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақсы көруге қалай үйрету керек?

Эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып - қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен кейінкерге ене білуді үйренудің ең дұрыс жолы- бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұның барлығын да театрландырылған үйірме бере алады. Аталмыш бағдарламада балалар театры тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы, яғни спектакль қою ретінде ғана қарастырылмайды. Жеке тұлғаның өзін-өзі тану, өзіне-өзі бағыт беру, өзіне талап қоя білу дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар, театрөнерімен шұғылдану оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қызығушылығын белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды. Үйірме -оқушылардың іс- әрекетінің сабақтан гөрі шығармашылық қырларын көрсете алар түрі. Оқушы дайын сабақты алумен шектелмейді, ол сондай-ақ, оны жасайды, өзі құрастырады. Үйірмеде балалар назары мәселені өздері қоюға, ойлану мен жетекші көрсетін берген бағытта өздік жұмыстарындамытуға , таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар тапсырманы орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, қажетті құралдар мен әдіс-тәсілдерді өздері таңдайды. Сенімділік, оқушылар мен жетекшінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі- оқушының жеке тұлғасының дамуына әсер етеді. Білім алушы сабақ үрдісінде алған білімді тәжірибеде қолдануға үйренеді

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушыны білім алуға жетелеу- ұстаздың ең жоғары міндеті. Пәнді қызықтыра оқыту, іздендіруге жол сілтеуде театр өнеріне баулудың мәні зор. Сахна мәдениетіне тәрбиелеуде жеке тұлғаның өзіндік күзиретті тұлғасы қалыптасады.

- Ұлтжандылық сезім, ана тіліне деген құрмет, жергілікті ақын –жазушылардың шығармаларын оқуға, білуге деген қызығушылық оянады.

- Шешендік өнер, шешен сөйлеуге деген мәдениет қалыптасады

- Топта ұжымда бірлесе жұмыс жасау әдебі қалыптасады.

Бағдарлама мақсаты:

Мектеп оқушыларының рухани қорын, мәдени эстетикалық деңгейін кеңейту, бәсекеге бейім, дарынды, дара тұлғаны таныту, ақынжазушылардың шығармашылығын насихаттау.

Бағдарлама міндеті:

Көркем шығармаларды оқу, кейіпкерлер мінезіне сипаттама беру, кейіпкер образына енуде, өзі сомдар образын ашуда арнайы іздену, әдебиеттермен жұмыс жасау, сахна өнерінің ерекшелігін түсіну.

Бағдарламаға сипаттама:

«Сахна әлемі» үйірмесіне қатысқан білім алушы қазақ әдебиеті, қазақ тілі сабақтарында айтқан теориялық ұғымдарды тәжірибеде қолдана алады.

Мәнерлі сөйлеу, сахна мәдениеті қалыптасады. әнерлі сөйлеу, сахна мәдениеті қалыптасады.

р/с	Тақырыптар	Сағат саны	уақыты
1	Кіріспе.Драматургияның мәні	2	16.09.2021ж
2	Драма туралы түсінік,шығу тарихы	2	17.09.2021ж
3	Театр – ұжымдық өнер	2	23.09.2021ж
4	Драмалық шығармалардың өзіндік ұғымдары	2	24.09.2021ж
5	Сахна этикасы	2	30.09.2021ж
6	Әлемнің үздік театрлары	2	07.10.2021ж
7	Қазақтың белгілі сахна әлеміндегі тұлғалары	2	08.10.2021ж
8	Ш.Айтматов «Алғашқы ұстаз» мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	14.10.2021ж
9	Ш.Айтматов «Алғашқы ұстаз» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру, рөлдік тапсырмалар	4	15.10.2021ж 21.10.2021ж
10	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	22.10.2021ж
11	Ш.Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесі желісімен дайындалған қойылымды көрермен талқысына ұсыну	2	28.10.2021ж
12	Р.Отарбаев «Із» мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	29.10.2021ж
13	Р.Отарбаев «Із» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру, рөлдік тапсырмалар	4	04.11.2021ж 05.11.2021ж
14	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	11.11.2021ж
15	Р.Отарбаев «Із» әңгімесі желісімен дайындалған қойылымды көрермен талқысына ұсыну	2	12.11.2021ж
16	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы	2	18.11.2021ж
16	Кейіпкер келбеті Әбіш Кекілбаев «Күй» повесі желісімен «Қайтарылған кек қасіреті» қойылымы	2	19.11.2021ж
17	Әбіш Кекілбаев «Күй» повесі желісімен «Қайтарылған кек қасіреті» қойылымының мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	25.11.2021ж
18	Әбіш Кекілбаев «Күй» повесі желісімен «Қайтарылған кек қасіреті» қойылымының кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру, рөлдік тапсырмалар беру	4	26.11.2021ж 02.12.2021ж
19	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	03.12.2021ж
20	Әбіш Кекілбаев «Күй» повесі желісімен дайындалған қойылымды көрермен талқысына ұсыну.	2	09.12.2021ж
21	«Өз болашағың – өз қолыңда» сахналық қойылымының мазмұны	2	10.12.2021ж
22	«Өз болашағың – өз қолыңда» сценарий мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	15.12.2021ж
23	«Өз болашағың – өз қолыңда» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, рөлдік тапсырмалар беру	4	18.12.2021ж 23.12.2021ж
24	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	24.02.2021ж

25	Сахна төрінде қойылым дайындау	4	30.12.2021ж 31.12.2021ж
26	«Түс» сахналық қойылымының мазмұны	2	06.01.2022ж
27	«Түс» еценарий мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	07.01.2022ж
28	Түс» сахналық қойылым кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, рөлдік тапсырмалар беру	4	13.01.2022ж 14.01.2022ж
29	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	20.01.2022ж
30	Сахна төрінде қойылым дайындау	4	21.01.2022ж 27.01.2022ж
31	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы	2	28.01.2022ж
32	«Согыс қасіреті» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру	2	03.02.2022ж
33	«Согыс қасіреті» еценарий дайындап, рольдік тапсырмалар беру	4	04.02.2022ж 10.02.2022ж
34	«Согыс қасіреті»сахналық көрінісін көрермен назарына ұсыну	2	11.02.2022ж
35	Кейіпкер келбеті Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» қойылымы	2	17.02.2022ж
36	«Мәңгілік бала бейне» еценарий мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	18.02.2022ж
37	«Мәңгілік бала бейне» сахналық қойылым кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, рөлдік тапсырмалар беру	4	24.02.2022ж 25.02.2022ж
38	Еценарий желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	03.03.2022ж
39	Мәңгілік бала бейне» сахналық көрінісін көрермен назарына ұсыну.	2	04.03.2022ж
40	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы	2	10.03.2022ж
41	Фариза Оңғарсынованың «Ақ фартук» қойылымының мазмұны	2	11.03.2022ж
42	«Ақ фартук» еценарий мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	2	17.03.2022ж
43	«Ақ фартук» сахналық қойылым кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, рөлдік тапсырмалар	4	18.03.2022ж 24.03.2022ж
44	Еценарий желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	2	25.03.2022ж
45	«Ақ фартук» қойылымын көрермен назарына ұсыну.	2	31.03.2022ж
46	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы	2	01.04.2022ж
47	Шыңғыс Айтматовтың «Найман ана» қойылымы	2	07.04.2022ж
48	«Найман ана» қойылымының мазмұны, негізгі идеясын түсіндіру	2	08.04.2022ж
49	«Найман ана» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, рөлдік тапсырмалар	4	14.04.2022ж 15.04.2022ж
50	Еценарий бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу.	2	21.04.2022ж

51	«Найман ана» қойылымын көрермен назарына ұсыну.	2	22.04.2022ж
52	«Бір атаның балалары» қойылымы	2	28.04.2022ж
53	«Бір атаның балалары қойылымы» мазмұны, негізгі идеясын түсіндіру	2	29.04.2022ж
54	«Бір атаның балалары» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, рөлдік тапсырмалар	4	05.05.2022ж 06.05.2022ж
55	Сценарий бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу.	2	12.05.2022ж
56	«Бір атаның балалары» қойылымын көрермен назарына ұсыну.	2	13.05.2022ж
57	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы	2	19.05.2022ж
58	Тестілеу. Тест қорытындысын талдау.	1	20.05.2022ж
59	Жылдық қорытынды	1	20.05.2022ж
Барлық сағат саны		142	